

«Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті» КеАК		НАО «Казахский национальный женский педагогический университет»
АКАДЕМИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР ЖӨНІНДЕГІ ДЕПАРТАМЕНТ		ДЕПАРТАМЕНТ ПО АКАДЕМИЧЕСКИМ ВОПРОСАМ
ЕРЕЖЕ		ПОЛОЖЕНИЕ
3 РЕДАКЦИЯСЫ		РЕДАКЦИЯ 3

«БЕКІТІЛДІ»  
 КеАК «Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті»  
 Баскарма Төрағасы – Ректор  
 бүйрығы № 61  
 «29 » 02 2024 жыл.

**КеАК «Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті» білім алушыларын  
аудыстыру және оқуға қайта қабылдау туралы**  
**ЕРЕЖЕСІ**

**П 025 ПВО/ДАВ-24**

Тіркеу № 6  
Дана № турнисса

Енгізілу уақыты 06.03.2024  
(күні, айы, жылы)

**Алматы қаласы, 2024 жыл**

## МАЗМУНЫ

1. Қолдану саласы .....	3
2. Нормативтік сілтемелер .....	3
3. Терминдер мен анықтамалар.....	3
4. Белгілер мен қысқартулар.....	4
5. Процедураның сипаттамасы .....	4
6. Білім алушыларды ауыстыру және оқуга кайта қабылдау тәртібі .....	7
7. Өзгерістер енгізу .....	9
8. Келісу, сақтау, тарату .....	9

Қосымшалар

Келісу парагы

Танысу парагы

Өзгерістерді тіркеу парагы

## 1. ҚОЛДАНУ САЛАСЫ

1.1. "Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті" КеАҚ бакалавриат деңгейі бойынша білім алушыларды ауыстыру және қайта кабылдау Ережесі (әрі қарай – Ереже) "Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті" КеАҚ (әрі қарай - Қоғам) оку процесін қамтамасыз етуге арналған.

1.2. Ереже білім алушыларды ауыстыру мен қайта кабылдауға қойылатын талаптарды белгілейді және Офис-тіркеуші, білім алушылар, оку үдерісіне катысты барлық құрылымдық бөлімшелер үшін орындалуы міндетті.

1.3. Ереже қоғамның нормативтік құжаттамасының құрамына кіреді және оның талаптарының орындалуы міндетті болып табылады.

## 2. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Ереже келесі нормативтік құқықтық актілер негізінде құрастырылды:

- Қазақстан Республикасының (әрі қарай - КР) «Білім туралы» заны (әрі қарай – Зан);
- Мемлекеттік стипендияларды тағайындау, төлеу қағидалары және олардың мөлшерлері туралы КР Үкіметінің 2008 жылғы 7 актандығы № 116 Қаулысы (әрі қарай – Стипендия тағайындау туралы қаулы);
- КР Білім және ғылым министрлігінің 2018 жылғы 30 қазандығы № 595 бүйірігімен бекітілген Жоғары және жоғары оку орнынан кейінгі білім беру үйымдары қызметінің үлгілік қағидалары (әрі қарай – Үлгілік қафіда).

## 3. ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

Ережеде келесідей терминдер мен анықтамалар қолданылады:

Академиялық кредит	білім алушының және (немесе) оқытушының ғылыми және (немесе) оку жұмысының көлемін өлшеудін біріздендірілген бірлігі
Академиялық кезең	семестр, триместр және квартал сияқты екі нысанның біреуін ЖЖОКБҰ өзі белгілейтін теориялық оку кезеңі
Еуропалық трансферт (аудару)	білім алушының шетелде алған кредиттерін өзі оқитын білім беру үйымына оралғанда дәреже алу, сондай-ақ білім беру бағдарламасы шенберінде кредиттер жинау үшін есептелеғін кредиттерге аудару тәсілі
кредиттер жинау жүйесі (ECTS)	
Білім беру бағдарламасы	окытудың мақсатын, нәтижелері мен мазмұнын, білім беру процесін үйімдастыруды, оларды іске асыру тәсілдері мен әдістерін, оқыту нәтижелерін бағалау өлшемшарттарын қамтитын білім берудің негізгі сипаттамаларының бірыңғай кешені
Білім беру гранты	"бакалавр" немесе "магистр" дәрежесін бере отырып,

Тіркеуші кенсе	жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білімге ақы төлеу үшін ҚР заңнамасында белгіленген шарттарда білім алушыға берілетін акшаның нысаналы сомасы білім алушының оқу жетістіктерінің бүкіл тарихын тіркеумен айналысадын және білімді бакылаудың барлық түрлерін үйімдастыруды және оның академиялық рейтингін есептеуді қамтамасыз ететін қызмет
Ұлгерімнің орташа балы (Grade Point Average - GPA)	тандап алған бағдарлама бойынша белгілі бір оқу кезеңі ішінде білім алушының кол жеткізген білім деңгейінің орташа өлшемді бағасы (осы оқу кезеңі ішіндегі кредиттердің жалпы санына пәндер бойынша аралық аттестаттау бағалары балдарының сандық эквивалентіндегі кредиттердің жалпы сомасының қатынасы)
Эдвайзер	тиісті мамандық бойынша білім алушының академиялық тәлімгері функциясын атқаратын, оқу траекториясын таңдауына (жеке оқу жоспарының қалыптасуына) және оқу кезеңінде білім беру бағдарламаларын игеруіне ықпал ететін оқытушы

#### 4. БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

Ережеде келесідей қыскартуылар қолданылған:

АМЖД	- Академиялық мәселелер жөніндегі департамент
ЖОО	- жоғары оқу орын
ҚА	- қорытынды аттестаттау
ҰБТ	- Ұлттық бірыңғай тестілеу
БББ	- білім беру бағдарламасы
ТК	- тіркеуші кенсе
ЭҚАЖ	- электронды құжат айналым жүйесі
GPA	- Grade Point Average (Ұлгерімнің орташа балы)
ECTS	- Еуропалық трансферт (аудару) және кредиттер жинау жүйесі
ТК	- таңдау компоненті

#### 5. ПРОЦЕДУРАНЫҢ СИПАТТАМАСЫ

5.1. Білім алушыларды Қоғамның БББ-сына және оқудың тиісті нысандарына ауыстыру және қайта қабылдау Заңға және Үлгілік қағидаға толық сәйкес келетін Ережеде көзделген тәртіппен жүргізіледі.

5.2. Білім алушыларды бір БББ-нан екіншісіне, бір оқу тобынан екіншісіне, бір тілдік бөлімшеден екіншісіне, бір жоғары оқу орнынан екіншісіне ауыстыру және қайта қабылдау жылына екі рет: жазғы демалыс кезеңінде – күнтізбелік жылдың 25 тамызына дейін, қысқы демалыс кезеңінде – күнтізбелік жылдың 10 қаңтарына дейін жүзеге асырылады. Бұл ретте, төтенше жағдай енгізілген, Әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар, соғыс уақыты туындаған жағдайда, сондай-ақ оқу еліндегі қарулы, әскери қақтығыстар жағдайында Қазақстан

Республикасының азаматтарын, қандастарды шетелдік жоғары оқу орындарынан ауыстыру және қалпына келтіру оқу жылы ішінде жүзеге асырылады

5.3. Білім алушы оқудан шығарылған мерзіміне қарамастан оқуға кайта қабылдануғы құқығы бар.

5.4. Қогам ішінде бір БББ-нан екіншісіне ауысу ақылы негізде ғана және білім алушылардың отыратын курсы мен пән айырмашылықтарын анықтау арқылы жүзеге асырылады.

5.5. Мемлекеттік білім беру грантын сақтай отырып бір БББ тобындағы бір БББ-нан басқасына, сонымен қатар бір оқу тілінен екіншісне бір рет кана ауысуға рұқсат етіледі. Тиісті келісім-шарт негізінде академиялық айырмашылық пәндер білім алушы тарапынан ақылы негізде оқытылады.

5.6. ЖОО-нан оқудан шығарылған білім алушы:

- Жеке оқу жоспарына сай игеріліген бағдарламаның бірінші академиялық кезеңін толық қамтыған;

- Академиялық адалдық қағидаларын бұзу әркеттері болмаган жағдайда ғана Қогамға ауысады немесе оқуға кайта қабылданады.

5.7. ҚР жаңартылған білім беру бағдарламасының енгізілуіне орай маман даярлау мазмұнының толық өзгеруіне байланысты **2017 жылға дейін** Қорытынды аттестаттауга (әрі қарай - ҚА) келмегендіктен немесе оқу ақысын толық төлемегендіктен оқудан шыгарлыған білім алушы ҚА тапсыруға кайта қабылданбайды. Мұндай білім алушылар пән айырмашылықтарын анықтау бойынша комиссияның шешімімен оқыған БББ-сының анықталған курсына отырып, толық курстағы академиялық кредиттерді қамтып, ҚА тапсыруға жіберіледі.

5.8. Басқа ЖОО-дарынан Қогамға бітіруші курсқа ауысуға рұқсат берлмейді.

5.9. Уәкілетті мемлекеттік орган білім беру қызметімен айналысуға арналған Қоғамның лицензиясын (және/немесе оған қосымшаны) тоқтата тұру/көрі кайтарып алу/одан айыру туралы шешім қабылдаған жағдайда, лицензия тоқтатыла тұрған білім беру бағдарламасы бойынша Қоғамның білім алушылары уәкілетті орган тоқтата тұру туралы шешім қабылдаған күннен бастап ағымдағы семестр ішінде окуын жалғастыру үшін басқа ЖОО-ға ауыстырылады/қоғам лицензиясын қайтарып алу/айыру (және / немесе оған қосымша).

5.10. Білім беру қызметімен айналысуға арналған лицензия (және/немесе оған қосымша) ерікті түрде тоқтатылған немесе Қоғам таратылған жағдайда, білім алушылар лицензияны (және/немесе оған қосымшаны) тоқтату немесе Қоғамды тарату туралы Қоғамның ерікті түрде жүгінген күннен бастап ағымдағы семестр ішінде окуын жалғастыру үшін басқа жоғары оқу орындарына ауыстырылады.

5.11. Жалпы конкурс бойынша білім беру грантының иегері, білім беру грантын сақтай отырып басқа ЖОО-на ауысуына құқылы.

5.12. Басқа ЖОО-нан ауысу немесе оқуға қайта қабылдану кезінде білім алушының дайындық бағыты, БББ профилі, оқу жетістігі, сонымен қатар академиялық адалдық қағидаларын бұзу ескеріледі.

5.13. Білім алушылардың барлық оку нысаны бойынша Қоғамға ауысу екі ЖОО-дары басшыларының келісімімен жүргізіледі және қатысты бұйрықпен рәсімделінеді.

5.14. Үлттық мәртебесіне иелі емес ҚР басқа ЖОО-дарынан мемлекеттік білім беру грантын сақтай отырып ауысатын студенттер, магістеранттар және докторанттар білім беру гантына болінетін каражаттың айырмашылық құнын жылда төлеу шартымен Қоғамға окуга қабылданады. Аталынған үдеріс басқа ЖОО-нан ауысқан білім алушы Қоғаммен келісім-шатқа отыру арықыл жүзеге асырылады. Мемлекеттік білім беру гантын сақтай отырып ауысқөан студенттер академиялық пән айырмашылықтарын жазғы семестр уақытында жояды. Сонымен катар, ауысқан білім алушыларға стипендия алдыңғы семестрдің корытындысы бойынша тағайындалады.

5.15. Студенттердің басқа ЖОО-на ауысуы барысында, оқудан шығару бұйрығы екі жағдайда шығарылады:

1) Ақылы негізде оқытын білім алушы үшін – қабылдаушы ЖОО-ны тарапынан келген сұраныс хаты негізінде білім алушының ауысу туралы жазған өтінішінің күнінен бастап;

2) Мемлекеттік грант негізінде білім алушы студен үшін – қабылдаушы ЖОО-ны тарапынан келген сұраныс хатының тіркелу күнінен бастап.

5.16. Академиялық демалыстан оралған білім алушыларға шәкіртақы стипендия тағайындау туралы Ереже негізінде тағайындалады.

5.17. Шығармашылық дайындықты талап ететін БББ-ларының тобынан басқа БББ тобына ауысу Үлгілік қағидаға сәйкес шекті балдан төмен емес балы бар ҰБТ сертификатын талап етеді.

5.18. Шетелдік ЖОО білім алушыларын Қоғамға ауысуы немесе қайта қабылдауы шетелдік ЖОО-дарының:

1) білім берудің тиісті деңгейі, білім беру саласы және қабылдау жылы бойынша мемлекеттік білім беру тапсырысы болған;

2) білім беру саласындағы экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымына (ӘЫДҰ) мүше мемлекеттердің аккредиттеу органдарының тіркеуіне және (немесе) қауымдастықтарына енгізілген үлттық және (немесе) шетелдік аккредиттеу органдарын халықаралық мамандандырылған аккредиттеуден өткен жағдайдаған жүзеге асырылады.

5.19. Шетелдік ЖОО-нан ауысып немесе окуга қайта қабылданып жатқан білім алушы оку жоспарын қамтығандығы жөнінде құжат (академиялық анықтама, транскрипт), сонымен катар алдыңғы білім деңгейін аяқтау туралы құжатты ұсынады. алдыңғы білім деңгейін аяқтау туралы құжатбілім алушыны Қоғамға қабылдаганнан кейін (бірінші) академиялық оку кезеңі ішінде ҚР заңнамасында белгіленген тәртіппен білім туралы құжаттарды тану рәсімінен өтуі тиіс.

5.20.ҚР-да жалпы орта, техникалық және кәсіптік білім алған тұлғалар шетелдік ЖОО-нан ауысу немесе оқуға қайта қабылдау кезінде шетелдік ЖОО-на оқуға қабылдану сынектарының нәтижелерін ұсынады.

5.21.Білім алушыларды ауыстыру немесе оқуға қайта қабылдау барысында оку әтінде қайта есептеу үшін академиялық мәселелер жөніндегі Баскарма мүшесі – Проректор (әрі қарай – АМЖ Проректор) пән айырмашылыктар мен пәндердің сәйкестігін карастыруши комиссия мүшелерін бекіту туралы бұйрық шығарады.

5.22.Ауысу немесе оқуға қайта қабылдануда міндетті түрде пәндер бойынша академиялық айырмашылыктар анықталады. Пән айырмашылыктарының көлемі 25 ECTS аспауы керек. Егер пән айырмашылыктары 25 ECTS асса, білім алушы бір курска төмен ауыстырылады немесе оқуға қайта қабылданады. Басқа жағдайда, одан әрі оқыту курсы пререквизиттерді ескере отырып анықталады. Академиялық айырмашылыктарды жою ақылы негізде Жазғы семестр кезінде жүзеге асырылады

5.23.Білім алушының ауысуы немесе оку курсына қайта қабылдануы нақты академиялық топ болған жағдайдаған жүзеге асырылады.

5.24.Қогамға ауысу немесе оку курсына қайта қабылдау барысында міндетті түрде білім алушының БББ-сының дайындық бағыты мен профилі және оку жетістіктері ескеріледі.

## **6. БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫ АУЫСТЫРУ ЖӘНЕ ОҚУҒА ҚАЙТА ҚАБЫЛДАУ ТӘРТІБІ**

6.1. Қогам ішінде бір БББ-нан екіншісіне, оқытудың бір нысанынан екіншісіне, бір оқу тілінен екіншісіне ауысу немесе оқуға қайта қабылдану үшін білім алушы ТК-ге барып, Ереженің 1 және 2 қосымшасына сәйкес ауысу немесе оқуғы қайта қабылдау туралы өтініш жазады. Өтінішке келесі құжаттар тіркеледі:

- транскрипт;
- оқудан шығарылғаны туралы бұйрыктың көшірмесі (окуға қайта қабылдану жағдайында);
- ҰБТ сертификатының көшірмесі (педагогикалық бағыттан педагогикалық емес бағытка ауысу барысында);
- Жеке куәлік көшірмесі.

6.2. Басқа ЖОО-нан ауысу немесе оқуға қайта қабылдану барысында білім алушы ТК қызметкеріне оқыған ЖОО ректорының қолымен және мөрімен бекітілген өтініш түпнұсқасын ұсынады. Өтінішке міндетті түрде келесі құжаттар тіркеледі:

- Транскрипт түпнұсқасы;
- ҰБТ сертификатының көшірмесі;
- Білім беру гранты куәлігінің көшірмесі (білім беру грантын сактай отырып ауысқан жағдайда);
- БББ-сы бойынша білім беру қызметін жүргізуге ЖОО берілген лицензия көшірмесі;
- Мамандандырылған аккредитациядан өту туралы сертификат көшірмесі;

- Білім беру кызметтерін көрсету туралы келісім-шарт.

6.3. Ақылы негізде білім алушыларға АМЖ Проректор мен студенттің немесе кәмелетке толмаган жағдайда корғаншысының, сонымен катар:

- 1) ТК басшысының;
- 2) институт директорының;
- 3) директор - Бас регистрардың;
- 4) Зан бөлімі басшысының;

5) Бухгалтерлік есеп және есептілік Департаменті кызметкерінің қолдары койылған білім беру кызметтерін ақылы негізде көрсету туралы келісім-шарттың екі данасын өтінішке қосымша тіркеу кажет.

6.4. Білім алушының өтініші ТК кызметкерлерімен құжат айналымның электронды жүйесі арқылы Басқарма Төрагасы – ректорың атына жіберіледі. Өтінішке БББ көшбасшысының, Институт директорының, ТК басшысының, Бухгалтерлік есеп және есептілік Департаменті кызметкерінің, АМЖ департамент директор - Бас регистрарының қолдары койылады. АМЖ Проректор және Басқарма Төрагасы – Ректор өтінішке электронды кол кояды.

6.5. БББ көшбасшысы Институт директорының академиялық мәселелер жөніндегі орынбасарымен бірге білім алушының транскриптиң пән айырмашылықтар мен пәндердің сәйкестігін қарастыруши комиссияға жібереді. Анықталған академиялық пән айырмашылықтары Комиссия мүшелерінің қолымен өтінішке тіркеледі. Эдвайзер білім алушыны пән айырмашылықтарымен таныстырып, оку жылына немесе бір академиялық кезеңге Жеке оку жоспарын студентпен бірге құрады. Пән айырмашылықтар 25 ECTS асқан жағдайда Институт директорының академиялық мәселелер жөніндегі орынбасары білім алушыны бір курс төмен отыратының ескертеді.

6.6. Өтініш келіп түсken күннен бастап қысқа уақытта (екі жұмыс күнінен асырмай) Институт директоры:

- пән айырмашылықтар мен пәндердің сәйкестігін қарастыруши комиссиясының шешімімен танысуға;
- Білім алушының оку курсын анықтауға міндettі.

6.7. Ауысу туралы сонғы шешімді Қоғамның Басқарма Төрагасы – Ректор қабылдайды. Оң шешім қабылданған жағдайда қабылдау/ауысу немесе оқуға қайта қабылдау туралы бұйрық шығарылады.

6.8. Ақылы негізде Қоғамға ауысқан немесе оқуға қайта қабылданған білім алушы ақылы негізде білім беру кызметі туралы келісім-шартқа қол қойған күннен бастап 10 күнтізбелік күн аралығында жылдық оку ақысының 30 % кем емес төлем жасауы кажет.

6.9. Окудан шығарылған тұлға академиялық анықтамасында қажетті ігерілген БББ-сы мен ҰБТ сертификатындағы шекті балл болған жағдайда кез келген БББ-на және кез келген курсқа (Ереженін 5.1.6-тармағына сәйкес) қайта қабылдана алады.

6.10. Окуға қайта қабылдау тек қана ақылы негізде сәйкес курсқа отырғызумен жүзеге асырылады.

6.11. Оқуды одан әрі табысты жалғастыру окуға қайта қабылдаудың анықтаушы шартты болып табылады.

6.12. Ақылы негізде білім алушы белгілі бір семестрде оку ақысын төлемегені немесе академиялық қарызы үшін оқудан шыгарылса, қарызын өтегеннен кейін төрт апта уақытта окуға қайта қабылдануға құқылы.

## 7. ӨЗГЕРІСТЕР ЕҢГІЗУ

7.1. Ережеге өзгерістер мен толыктырулар енгізуді, сонымен катар жаңадан редакциялауды Ереженің 8.1. пунктінде көрсетілгендей Қоғам қызметкерлерімен келісу арқылы ТК басшысы жүзеге асырады.

7.2. Келісілгеннен кейін өзгерістер мен толыктырулар бекітіледі және Басқарма Төарағы – Ректор бұйрығымен енгізіледі.

## 8. КЕЛІСУ, САҚТАУ, ТАРАТУ

8.1. Ереже бекітуге АМЖ Проректормен, АМЖ департамент директор - Бас Регистрарымен, Зан болімінің басшысымен, Бухгалтерлік есеп және есептілік Департаменті директорымен және институт директорларымен келісліп, Келісу парагында рәсімделеді.

8.2. Ереженің бекітілген түпнұсқасының қағаз және электронды нұсқасын сактау және сканерленген вариантын танысуга тарату ТК басшысына жүктеледі.

8.3. Ереженің тіркелген нұсқасы кафедраларға, деканаттарға және ТК беріледі.

8.4. Бекітілген Ереженің электронды нұсқасы Қоғам сайтына салынады.

Басқарма Төрағасы –  
Ректордың «\_\_\_\_\_» № \_\_\_\_\_  
2024ж. бұйрығымен KeAK «Қазақ  
Ұлттық қыздар  
педагогикалық  
университеті» білім  
алушыларын аудыстыру және  
окуга қайта қабылдау  
туралы Ережесінің 1  
Қосымшасы

KeAK «Қазақ Ұлттық қыздар педагогикалық  
университеті» Басқарма Төрағасы – Ректор (басқа  
жоопан аудысқан уақытта) / Академиялық мәселелер  
жоніндегі Баскарма мүшесі – Проректоры

(аты-жөн)

институтының

(институт атаяу)

БББ-сының

(БББ шифры мен атаяу)

күндізгі бөлімінің мемлекеттік білім беру гранты  
негізінде/ақылы негізде оқитын \_\_\_\_\_ курс (\_\_\_\_ ж)  
студенті \_\_\_\_\_

(Студенттің аты-жөн)

Телефон номері: \_\_\_\_\_

#### Отініш

Менің отініш жазу себебім, мені \_\_\_\_\_ институтының  
(институт атаяу)  
«\_\_\_\_\_» БББ-сының күндізгі бөлімінің \_\_\_\_\_ курсына (\_\_\_\_ ж)  
(БББ-сының шифры мен атаяу)  
мемлекеттік білім беру грантын сақтай отырып/ақылы негізде 20\_\_\_\_ жылдың «\_\_\_\_»  
бастап аудысуыма рұқсат беруінізде сұраймын.

Колы \_\_\_\_\_  
«\_\_\_\_» 20\_\_\_\_ ж.

Басқарма Төрагасы –  
Ректордың «\_\_\_» № \_\_\_  
2024ж. № \_\_\_  
бүйрекшімен КеАҚ «Қазақ  
Ұлттық қыздар  
педагогикалық  
университеті» білім  
алушыларын аудиенде  
окуға қайта қабылдау  
туралы Ережесінің 2  
Косымшасы

КеАҚ «Қазақ Ұлттық қыздар педагогикалық  
университеті» Баскарма Төрағасы – Ректор

(аты-жөн)

(Студенттің аты-жөні)





Телефон номері: \_\_\_\_\_

Отініш

Менің отініш жазу себебім, мен \_\_\_\_\_ факультетінің/институтының  
(институт атауы)  
«\_\_\_\_\_» БББ-сының күндізгі/ҚБТ қолдану арқылы күндізгі  
(БББ-сының шифры мен атауы)  
бөлімінің \_\_\_\_\_ курсынан (\_\_\_ж) университеттің 20\_\_\_\_жылдың «\_\_\_» № \_\_\_\_ бүйрекші  
негізінде \_\_\_\_\_ окудан шығарылды. Енді,  
(себебін ашып жазу)  
мені \_\_\_\_\_ институтының «\_\_\_\_\_»  
(институт атауы) (БББ-сының шифры мен атауы)  
күндізгі болімінің \_\_\_\_\_ курсына (\_\_\_ж) ақылды негізде окуға қайта қабылдауға рұқсат беруіңізді  
сүраймын.

Колы \_\_\_\_\_  
«\_\_\_\_» \_\_\_\_ 20 \_\_\_\_ ж.

## КЕЛІСУ ПАРАГЫ

№	Лауазымы	Аты-жөні	Күні	Қолы
1	Академиялық мәселелер жөніндегі Баскарма Мүшесі - Проректор	Е. Жуманкулова	01.03.24	
2	Академиялық мәселелер жөніндегі Департамент директор - Бас регистраторы	К.Балажанова	01.03.24	
3	Заң бөлімінің басшысы	М. Маханов	01.03.24	
4	Бухгалтерлік есеп және есептілік Департаментінің директоры	А.Нисанбаева	01.03.24	
5	Педагогика және психология институтының директоры	Г.Оразаева	01.03.24	
6	Филология институтының директоры	К.Ашинова	01.03.24	
7	Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар және өнер институтының директоры	Ж.Аширбекова	01.03.24	
8	Жаратылыштану институтының директоры	Г.Байташева	01.03.24	
9	Физика, математика және цифрлық технологиялар институтының директоры	Г.Салгараева	01.03.24	
10	Тіркеуші кенсе басшысы	Д.Жарикбаева	01.03.24	

## ТАНЫСУ ПАРАГЫ

## **ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАРДЫ ТІРКЕУ ПАРАҒЫ**